

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті қалай ұйымдастырамыз

Жамиля Рахимжанова, главный редактор ЭС «ACTUALIS: Образование»

Педэтика бойынша кеңесті мүмкіндігінше қысқа уақытта және қиындықсыз ұйымдастыру үшін дайын нұсқаулықты қолданыңыз. Бұл Оқу-ағарту министрлігінің әрбір білім беру ұйымына қатысты талабы.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің өкілеттіктеріне не кіреді

Кеңес өз қызметі аясында педагогикалық әдептің бұзылу мониторингін, профилактикасын жүргізеді және оның алдын алады, білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал етеді, педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін жанжалды жағдайларды шешуге көмектеседі.

Егер Кеңеске өтініш келіп түссе, оның мүшелері педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін жағдайларды толық тексереді. Педагогті педагогикалық әдепті бұзуға итермелеген себептер мен жағдайларды қарастырған соң Кеңес оның қорытындысы бойынша БҰ басшысына ұсынымдар әзірлейді.

Кеңес жұмысының іс-қимыл алгоритмі

1-ші қадам. Өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды.

2-ші қадам. Білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады.

3-ші қадам. Педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді.

4-ші қадам. Педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді. Білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар дайындайды.

5-ші қадам. Білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді.

6-шы қадам. Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді.

7-ші қадам. Тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамына кім кіреді

Кеңес құрамына төраға, хатшы және Кеңестің басқа да мүшелері кіреді, Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептегенде).

Кеңеске келесі тұлғалар кіреді:

- 1) білім басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;
- 2) кемінде екі педагог;
- 3) құрметті демалысқа шыққан педагогтер.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына кім кірмейді

Білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлері, осы білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлеріне жол беріледі.

Сондай-ақ Кеңес құрамына:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- 2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
- 3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;
- 4) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы мен хатшысын кім сайлайды

Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.

Педагогикалық әдеп кеңесі төрағасының міндеттері қандай

Төраға мына қызметтерді атқарады:

- Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді;
- педагогикалық кеңес шешімінің негізінде [Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамын бекіту туралы бұйрық](#) шығарады;
- Кеңес құру кезінде заңнама талаптарының орындалуын бақылайды;
- Кеңесті уақтылы сайлауға қажетті рәсімдердің өткізілуін ұйымдастырады;
- Кеңес жұмысына көмек көрсетуге жағдай жасайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес хатшысының міндеттері қандай

Хатшы ең алдымен Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапты. Ол Кеңес отырысына дайындықты ұйымдастырады. Ол үшін мүшелер мен шақырылған адамдарды кеңес отырысының өткізілетін күні мен орны туралы уақтылы хабардар етеді. Оқу жылының басына қарай [Кеңестің жұмыс жоспарының жобасы](#) мен [Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын](#) құрастырады, өтініштер мен ұсыныстарды қабылдайды, сондай-ақ Кеңестің атына келіп түсетін хаттарды тіркейді.

Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалу мониторингін қамтамасыз етеді және олардың нәтижелері туралы кеңес мүшелеріне жеткізеді.

Бірақ хатшы Кеңестің дауыс беруіне және кеңес отырысына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатыспайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің міндеттері қандай

Кеңестің мүшелері:

- отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;
- Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

- Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қандай жағдайда кезектен тыс отырыстар өткізеді

Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімі бойынша және (немесе) білім беру ұйымы басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізіледі.

Педагогикалық әдеп туралы мәселені қарау кезінде педагогтердің қандай құқығы бар

Педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға құқылы. Сондай-ақ педагог өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы. Егер педагог қабылданған шешімге қарсы болса, оның шағым жасауға құқығы бар.

Егер педагог

- ауырып қалса;
- еңбек демалысында не іссапарда жүрсе;
- мемлекеттік не қоғамдық міндеттерді орындау кезінде лауазымдық міндеттерін орындаудан босатылса;
- даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болса, іс қаралмайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметі қандай жағдайда тоқтатылады

Егер Кеңес құрамына МДҰ басқарушы, әкімшілік, қосалқы персонал, ата-аналар, сондай-ақ:

- сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
- мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;
- бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

- азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған тұлғалар кірген жағдайда Кеңес қызметі тоқтатылады.

Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда Кеңес қызметі тоқтатылады.

Қандай жағдайда Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі оның құрамынан шығарылады

Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:

- Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған (бұл ретте уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда);
- Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;
- педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;
- іс қаралатын тұлғаның жақын туысы болған жағдайларда шығарылуы мүмкін.

Бұл жағдайда Кеңес мүшесі бұл жағдайды талқылау мен дауыс беруге дейін хабарлауы тиіс.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің заңдылығы қандай өлшемшарттар бойынша айқындалады

Егер Кеңес отырысына:

- егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса;
- жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, сондай-ақ өтініштер мен шағымдардың түсуіне қарай өткізілсе;
- Кеңестің күн тәртібі мен күні туралы қызметкерлерді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды Кеңес хатшысы оны өткізгенге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабардар етсе;
- Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысса, ол заңды деп саналады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарын хаттамаға түсіру керек пе

Кеңес отырысы **хаттама** түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. **Кеңес отырысының хаттамасы** – Кеңес отырысының барысын және онда қабылданған ұсынымдарды көрсететін ресми жазбаша құжат. Сондықтан хаттама білім

беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер номенклатурасына енгізілуі тиіс.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарында шешімдер қалай қабылданады

Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске келіп түскен өтініштер қанша мерзімде қаралады

Егер өтінішті қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмесе, онда Кеңес оны келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды.

Егер өтінішті қарау үшін қосымша ақпарат алу талап етілсе, Кеңес өтініш келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оны қарап, шешім қабылдайды.

Оны қараудың қорытындылары туралы өтініш берушіге отырыстың өзінде не оны Кеңестің хатшысы қарау қорытындылары бойынша дереу хабарлауы тиіс.

Хатшы барлық адамға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей хабарлайды.

Егер жауапкершілікке тартылатын адам Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса да отырысқа келмесе, онда іс оның қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

Тиісті хабарлау дегеніміз не? Адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабардар ету, оның өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсыру.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қандай жағдайда істі қарауды тоқтатады

Педагогке қатысты істі қарау:

- ол ауырып қалған;
- демалыста немесе іссапарда болған;
- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

- даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтің қандай теріс қылықтарын қарайды

1. Қажет кезде педагог нақты әрекет етті не әрекет етпеді.
2. Бұл әрекеті не әрекетсіздігі әдепті бұзуға жата ма.
3. Педагог әдеп бұзды ма.
4. Тәртіп бұзуда педагогтің кінәсі бар ма.

Басшы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің шешімдерін орындауға міндетті ме

Істі қарау қорытындылары бойынша Кеңес білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсынады.

Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

Білім беру ұйымының басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Жағдай

Басшы жылда Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құруы тиіс пе

Жоқ, керек емес.

Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды (ҚР БҒМ 2020.11.05 № 190 бұйрығының 3-тарауы 5-т.).

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастыру бойынша сарапшымен шағын практикум

Жүйенің виртуалды сарапшысымен әңгімеге қатысыңыз. Ол білім беруді ұйымдастыруда Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті қалай дұрыс ұйымдастыру керектігін жақсы біледі. Сондай-ақ ол Педагогикалық әдеп кеңесінде қанша адам болуы керек екенін, Кеңес төрағасы мен хатшысын қалай тағайындау керектігін және хатшының қандай міндеттері бар екенін қаншалықты білетініңізді тексереді. Сұрақтарға жауап беріңіз, ал виртуалды сарапшы сіздің барлық жауабыңызға түсініктеме береді.